ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

16 қыркүйек 2024 жыл №2713-24-00-2/1692 Орал қаласы

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Р.Есжанов,
сот мәжілісінің хатшысы Ж.Самархан,
ашық сот отырысында, аудио,-бейне жазба құралын қолдану арқылы, азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің С.Садықов атындағы» Казталов аудандық мәдени-демалыс орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
«ЭВЕРЕСТ ГАЗПРОМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі Туралиева Д.Т.

СИПАТТАУБӨЛІГІ:

2024 жылғы 26 қаңтарда «Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің С.Садықов атындағы» Казталов аудандық мәдени-демалыс орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (бұдан әрі – тапсырыс беруші, талап қоюшы) мен «ЭВЕРЕСТ ГАЗПРОМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – орындаушы, жауапкер) арасында №17 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Шарт талаптарына сәйкес, жауапкер жыл бойына талап қоюшыға энергетикалық қазандарға/қазан жабдықтарына және ұқсас энергетикалық жабдықтарға және жүйелерге техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсетуге міндеттенген.

Бұл ретте өнім беруші қызметті толық көрсетпеген, атап айтқанда 2024 жылғы наурызда қызметтерді көрсеткен, алайда сәуірде жолдаған көрсетілген қызмет актісінде қай ауылдық округте қызмет жасалғаны көрсетілмеген, сондықтан акті бекітілмей кері қайтарылған. Сол уақыттан бері орындаушы байланысқа шықпай, шарттық міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған.

Талап қоюшы аталған талаппен сотқа жүгініп, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрайды.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер талап қоюға пікір ұсынған жоқ, істің қаралатын орны мен уақыты туралы тиісінше хабардар етілгенмен, сот отырысына қатысқан жоқ, соған байланысты Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабына сәйкес сот істі оның қатысуынсыз қарауға ұйғарым етті.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 359-бабының 1, 2-бөліктеріне сәйкес, борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді.

Сонымен бірге, «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық

Құжатқа қол қойылған: Есжанов С. Р., 22.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 28.10.2024 судья Есжанов С. Р., 31.10.2024
2713-24-3-1/1780

өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет.

Техникалық сипаттамаға сәйкес: жұмысында ақаулар пайда болған жағдайда жеткізуші нысана техникалық қызмет көрсетуді тапсырыс беруші хабардар еткен сәттен 24 сағат ішінде жүзеге асырады; қызмет көрсету мерзімі жылыту кезеңінде ай сайын 2024 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда; қызмет көрсету нысаны 23 мәдениет үйлері мен клубтардағы әр түрлі маркалы және жаңа үлгідегі ыстық су қазандықтары мен циркулляциялық насостар, мұржаны, жердегі газ құбыры және қосалқы газ жабдықтары; жылыту қазандықтарын бөлшектеу және монтаждау (тиісті құжаттарды ұсына отырып) қолда барын бұзған кезде – бөлшектеу және жаңа қазандықтарды сатып алған кезде монтаждау ағымдағы қызмет көрсетуге қосылады.

Бұл ретте жауапкер шарттың талаптарын бұзған, белгіленген мерзімде техникалық ерекшелікке толық сәйкес келетін қызметтерді, мәдениет үйлері мен клубтардағы жылыту қазандықтарына ай сайынғы қызмет көрсетпеген, бұл тапсырыс беруші үшін белгілі бір жағымсыз салдардың басталуына әкелген.

Сот, шартқа және жауапкердің әрекетіне заңды баға бере отырып, жауапкер шартқа қол қою кезінде, қызметтің түрін, оның нақты техникалық сипаттамасы мен құнын, оның орындау мерзімдері мен тәртібін білген деп есептейді, сондай-ақ міндеттемелерді тиісті немесе тиісінше орындамау салдарын да білген, бұл жауапкер үшін кәсіпкерлік тәуекел болып саналады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - заң) 43-бабының 23-тармағына сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

АПК-нің 72-73-баптарына сәйкес әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге тиіс.

Тараптар мен іске қатысатын басқа да тұлғалар дәлелдемелерді ұсынады. Тараптардың қолында бар дәлелдемелерді сотқа ұсынбау осы дәлелдемелерді апелляциялық, кассациялық сатылардағы сотқа ұсыну мүмкіндігін болдырмайды.

Жауапкердің кінәсін теріске шығаратын дәлелдемелер сотқа ұсынылған жоқ.

Өз кезегінде, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануы жауапкердің әрекетшілдігін толық уақытша тоқтату түріндегі салдарларға әкеп соқпайтындығын және тек мемлекеттік сатып алу саласында ғана белгілі бір шектеулерді қолдануды көздейтіндігін көрсетеді.

Заңның 12-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен

Құжатқа қол қойылған: Есжанов С. Р., 22.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 28.10.2024, судья Есжанов С. Р., 31.10.2024

жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Дәлелдемелер мен іс мән-жайларының жиынтығына сүйеніп, талап қоюшы Заңның 12-бабының 4-тармағында белгіленген сотқа жүгіну мерзімін сақтағанын ескеріп, өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін негіздердің толық тізбесі заңмен реттелгенін назарға алып, сот, жауапкердің мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуы негізді деп есептейді.

ҚР АПК-нің 109,117-бабының талаптарына сәйкес жауапкерден мемлекеттік баж өндірілуі тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою қанағаттандырылсын.

«ЭВЕРЕСТ ГАЗПРОМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ЭВЕРЕСТ ГАЗПРОМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот шешіміне, шешім түпкілікті дайындалған күннен бастап, бір ай мерзімде, Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы, Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Есжанов С.Р.**

Құжатқа қол қойылған: Есжанов С. Р., 22.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 28.10.2024 судья Есжанов С. Р., 31.10.2024

2713-24-3-1/1780